

Жемқорлықпен жұмыла күресейік

Сыбайлас жемқорлық тек біздің мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемнің проблемасына айналып отыр. Сондықтан қазіргі таңда барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын - қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Біздің Шахан кентінде орналасқан №12 жалпы білім беретін мектептің еңбек ұжымының арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Қазақстан Республикасының Заңының талаптары түсіндіріліп, әлеуметтік желілерде және қалалық бұқаралық ақпарат құралында мақалалар жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз - басқа адамға пайда келтіру мақсатында қызметтік жағдайды, саяси мандатты немесе өзіннің лауазымдық міндеттерін теріс пайдалану, мұндай

басқа адамның немесе жеке тұлғаның өз ба-
тұмалары бойынша және өздері немесе үшінші
тұлғалар үшін пайда алуға жасаған, қоғамға зиян
келтіретін кеселді дерт, қылмыс деп тусінуге
болады. Мұндай жағдайда елімізде сыбайлас
жемқорлық қылмысын жасап, тұтқындалған
азаматтарға қатаң жаза қолдану көзделген.

Біздің білім беру ошағымызда сыбай-
лас жемқорлыққа қарсы арнайы бұрыш
ұйымдастырылып, стөнд жасалған. Оған қажетті
ақпараттар ілінген. Иә, сыбайлас жемқорлықпен
күрес – бүгінгі күннің өзекті әрі басты мәселесі
болып отыр. Сондықтан бұл қылмыспен, кесел-
мен жұмыла күрескенде ғана жеңе алатынымыз
ақиқат.

А.Рахметжан, ҚО ББ Шахтинск қаласының білім бөлімі «№12 жалпы білім беру мектебі» КММ – сі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары


біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз – қоғам. Айна-
ламыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады.
Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, түгел
қарсы болғанда ғана бұл індетті жоюмыз. Бұл бәріміздің
міндетіміз. Ол – әр азаматтың басты парызы. Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы
тұру, оны насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – өзекті мәселе.
Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді
күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде. Бұл күрес бір
адамның емес, көпшіліктің белсене ат салысатын ісі. «Көп
қорқытады, терең батырады» дегендей, көпшілік болып
бірлессек, сыбайлас жемқорлыққа мықты тосқауыл
қойылатыны сөзсіз.

Осы орайда Шахтинск қаласы «Барыс» КМҚК
қызметкерлері арасында да сыбайлас жемқорлықтың ал-
дын алу, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа
қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа
құқық бұзушылықтарын жасауға бастайтын себептер мен
жағдайларды анықтау және оны жою бойынша жоспарға
сәйкес тұрақты жұмыстар жүргізіледі. Мемлекеттік және
орыс тілінде сенім телефонының нөмірлері көрсетілген
стөнд ілінген. Тоқсан сайын қалалық газетте сыбайлас
жемқорлықпен күрес туралы мақалалар жарияланып
тұрады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте тек құқықтық ор-
тандар ғана емес, азаматтық және қоғамдық ұйымдар
маңызды басымдық беріп, белсенділік танытулары қажет.

А. Калиева, «Барс» КМҚК – нің маманы



Балалар жылы 2022

А. РЫЗАҚҰЛЛУЛЫ

Осы аптада Шахан кенті әкімі
аппаратының бас маманы Е. Ру-
денко, көмелетке толмағандар
жөніндегі уәскелік полиция инспек-
торы, полицияның аға лейтенанты
Ш.Спатаева, Қарағанды қаласының
«Нұрлы білім» деструктивті діни
ағымдардан зардап шеккен-
дерге көмек көрсету орталығы»
қоғамдық бірлестігінің теолог - ма-
маны А.Оразбаевтың қатысуымен
Дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Кездесуге мектеп жасындағы
көмелет жасына толмаған бала-
лар қатысып, маңызды ақпараттар
алды. Дөңгелек үстел басы-
на жиналғандарға Қазақстан
Республикасының балалар құқығы
туралы конвенцияның аясында
түсініктемелер берілді. Сонымен
қатар мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу және

көпіндендірілген әлеуметтік топтама-
ны ұсыну, білім беру ұйымдарының
оқушылары арасында құқық
бұзушылықтардың, сондай - ақ діни
экстремизмнің алдын алу бойынша
да қажетті насихаттар айтылды.

Көмелетке толмаған балалардың
құқықтары мен заңды мүдделерін
қорғау - Қазақстанның мемлекеттік
әлеуметтік-құқықтық саясатының
басым бағыттарының бірі болып са-
налады. Сонымен бірге мемлекеттік
саясаттың балалар мүддесі үшін
негізгі мақсаттарының бірі -
балалардың құқықтары мен заңды
мүдделерін қамтамасыз ету, оларды
көрсетушілікке жол бермеу болып
табылады.

Бұл кездесу сұрақ - жауап фор-
матында өтті, барлық қатысушылар
өздерін қызықтырған сұрақтарына
толық жауап алды.

Басты міндет - жас ұрпақ құқығын қорғау

